

Туған өлке публицистика беттерінде \өлкетану\





Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі: Зейтова А.А.

«Өлкетану» оқулығы. 7 сынып



УДК 373.167.1
ББК 26.82 я 72
К 78

Условные обозначения

-  – вопросы
-  – исследовательская работа
-  – творческая работа
-  – индивидуальная работа
-  – работа в паре
-  – работа в группе
-  – теоретическая информация
-  – запомни
-  – домашняя работа
-  – сбор информации

К 78 Краеведение. Карагандинская область. Учебник для учащихся 5–7 классов общеобразовательной школы / Н. Бейсенбекова, Л. Шотбакова, Б. Тулеуова, Г. Кожакметова. – Алматы: «Алматыкітап баспасы», 2018. – 192 с.

ISBN 978-601-01-3788-2

УДК 373.167.1
ББК 26.82 я 72

ISBN 978-601-01-3788-2

© Н. Бейсенбекова, Л. Шотбакова,
Б. Тулеуова, Г. Кожакметова, 2018
© ТОО «Алматыкітап баспасы», 2018

СОДЕРЖАНИЕ

Наш край Сарыарка	4
Как работать с учебником	6

5-й класс

История Казахстана

1. Легенды и сказания родного края	10
2. Памятники истории вокруг нас	20
3. Исторические личности края: бии, акыны, батыры и палуаны	30
4. Экспонаты заговорили (посещение краеведческого музея)	44

Музыка

5. Симфония родного края	52
--------------------------------	----

6-й класс

История Казахстана

1. Топонимы – свидетели времен минувших (история края в названиях)	64
2. Хранители культурно-исторических традиций: народные ремесла края	66
3. Одна страна – одна судьба (народы моего края)	72
4. Живые свидетели истории родного края	78

Қазақ әдебиеті

5. Менің туған өлкем поэзия мен прозада	90
6. Өлкені сипаттау өнері	99

Музыка

7. Таланты родной земли	106
-------------------------------	-----

7-й класс

История Казахстана

1. Туристские маршруты	120
2. Неравнодушные сердца	130
3. Летопись родного края	134
4. История моей школы	141

Қазақ әдебиеті

5. Туған өлке публицистика беттерінде	148
6. «Менің туған өлкем» электронды энциклопедиясы	156

География

7. Флора и фауна родного края	162
8. Визитная карточка моего края: разработка краеведческой базы данных	168

Сен білесің:

- өңірде шығатын газет-журналдарды;
- өлкеміздің танымал тұлғалары жайлы мақалалар мен очерктерді.

Сен үйренесің:

- өңірде шығатын газет-журналдардың шығу тарихын талдауды;
- өлкеміздің танымал тұлғалары жайлы мақалалар мен очерктердің мазмұнын талдауды.

Тірек сөздер: публицистика, газет, журнал, мақала.

... газет – халықтың көзі, құлағы, һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек.

Ахмет Байтұрсыннов

! Публицистика – журналистиканың ең жоғары жетістігі. Ол ерқашан пікірталаста қатар жүреді, жаңа идея үшін таласта пайда болады. Публицистикада әрдайым нақты авторлық ұстаным болады.

Публицистиканың қазіргі өмірдегі алатын орны ерекше. Ол қоғамдық пікірді қалыптастырады, шығарма жазған авторлар бір-бірімен пікірталасқа түсіп өз ойларын қорғайды.

Газет – бұл күнделікті шығып тұратын басылым, мұнда еліміздегі және өлкедегі жаңалықтар мен оқиғалар жазылады, қоғамдық өмірдегі, экономикадағы, мәдениет саласындағы жетістіктер баяндалады.

**Бұл қызық!**

! Алғашқы газет XV ғ. басында Венецияда пайда болып, қолжазба түрінде шықты.

Журнал – айына бір рет мерзімді басылым түрінде шығып тұратын бұқаралық ақпарат құралдарының бірі.

Журналдың бағыты мен мазмұнына қарай материалдар жинақталады. Мысалы, ғылыми, әдеби-публицистикалық, ақпараттық, жарнамалық және т.б.

Газет-журналдар:

- шығу кезеңіне қарай;
- орналасқан аймағына қарай;
- тіліне және әлеуметтік бағытына қарай;
- (жастар, әйелдер, балалар, студенттер үшін т.б.) бөлінеді.

Ешқандай ел журналистика, мерзімді баспасөзсіз өмір сүре алмайды. Журналистикасы жоқ ел – шежіресі, тарихи жады жоқ ел. Қазақстанда алғашқы газеттер XIX ғасырдың екінші жартысында орыс және қазақ тілдерінде шыға бастаған.

XX ғасырдың басында «Айқап» журналы және «Қазақ» газеті шықты. Қазақ зиялылары халқымыздың ауыр тұрмысы, оқу-ағартудың қажеттілігі туралы жазды, халықты бостандық өмірге және тәуелсіз мемлекет құруға шақырды. Бұл басылымдарда Сарыарқаның зиялылары – Ө.Бөкейханов, Ж.Ақпаев, С.Сейфуллин, Ә.Ермеков, И.Әлімбаев өзекті мәселелерге байланысты өздерінің мақалаларын жариялап тұрды.

Өлкеміздегі мерзімді басылымдардың да тарихы бай.









1931 жылы 11 қыргүйекте аудандық газет ретінде «Большевикская кочегарка» газетінің алғашқы нөмірі басылды. Кейіннен ты «Социалистическая Караганда» болып өзгерген. Қазіргі кезде асет облыстық басылым «Индустриальная Караганда» болып згерген. Қазіргі кезде облыстық басылым «Индустриальная араганда» деп аталады.

1932 жылдың 1 мамырынан бастап «Балқаш өңірі» газеті шықты, ейіннен «Балқаш жұмысшысы» деп аталды.

1973 жылдың 13 сәуірінде «Жезқазған туы» облыстық газетінің алғашқы нөмірі шықты, газет 1990 жылдың 27 тамызынан бастап «Сарыарқа» деп аталады. Сол сияқты металлургтер қаласының облыстық-тіршілігіне арналған 2001 жылдан бастап шығатын «Теміртау газеті» бар. 2011 жылдан бастап өлкедегі танымал журналдың бірі – республикалық «Қасым» әдеби-қоғамдық журналы қазақ тілінде шығады.

Ал біздің өлкеміздегі «Орталық Қазақстан» газетінің тарихы бай. 1931 жылы 4 қарашада қазақ тілінде «Қарағанды пролетариаты» деген атаумен алғаш басылып шықты. Бұл газет 1938 жылдан бастап «Советтік Қарағанды», ал 1963 жылдан бері қазіргі атауы «Орталық Қазақстан» деп аталады. Алғашқы газеттің негізін қалаушы жазушылар **Ғ.Мұстафин, Ә.Әбішев, С.Ерубаев** және тағы басқалары болды.

Өлкеміздің баспасөз тарихының хронологиялық тізбесі

Басылымның атауы		түрі	шыққан жылы
	Облыстық	Қоғамдық-саяси газет	1931 жыл, 11 қыргүйек
	Қалалық	Қалалық-бұқаралық саяси газет	1932 жыл, 1 мамыр
	Аймақтық	Карлаг газеті	1934 - 1935 жылдар аралығында.
	Аймақтық	Карлаг газеті	1934 - 1935 жылдар аралығында.
	Аймақтық	Карлаг газеті	1934-1935 жылдар аралығында
	Аймақтық	Карлаг газеті	1946 – 1950 жылдар аралығында
	Облыстық	Облыстық газет	1973 жыл, 13 сәуір
	Облыстық	Облыстық газет	1931 жыл, 4 қараша
	Облыстық	Облыстық газет	1963 жыл

Әлжаппар – қайнаған Қарағанды зауыдынан шыққан жас талап...

Сәкен Сейфуллин



Ә. Әбішев

Қазақстанның халық жазушысы, драматург **Әлжаппар Әбішев (1907–1985)** Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы Жамбыл атындағы шаруашылықтың Аспантау деген жерінде дүниеге келген. Жазушылық қызметін Қарағанды кен орындарында шахтер болып істеп жүрген кезінде бастайды. Шахтадан кейін «Қарағанды пролетариаты» газетінің әдеби қызметкері, белсенді тілшісі болды. Ә.Әбішевтің «Үйінді» атты бірінші әңгімесі мен очерктер жинағы 1936 жылы басылып шықты. 1945 жылы жазған «Жас түлектер» атты романында Қарағанды кеніштеріндегі соғыс кезіндегі жастардың өмірі мен қажырлы еңбегі суреттеледі. Жазушы қазақтың белгілі композиторы, әнші-ақыны Мәди Бәпиұлының өмірін зерттеген.

Тапсырмалар



Мектеп кітапханасында Әлжаппар Әбішев шығармашылығына арналған көрме өтіп жатыр.

Тапсырма түрлері:

1. Репортаж жасау. Жазушы шығармалары, еңбектерінің маңыздылығына тоқталып, әдеби хабар әзірле.
2. Сұхбат алу. Сен «Орталық Қазақстан» редакциясынан осы көрмеге келген тілшісің. Қызықты, танымды сұрақтар әзірлеп, көрмеге келушілерден сұхбат ал.
3. Қиял-ғажайып әңгіме жазу. Сен «Уақыт мәшинесі» арқылы жазушы өмір сүрген заманға тап болдың. Жазушымен кездесу әсерін әңгімелеп жаз.

Білген жөн



Облыстық «Орталық Қазақстан» және «Индустриальная Караганда» газеттері ең басты мерзімді басылымдар болып табылады. Барлық газеттердің интернет-ресурстарында өз сайттары бар. Мысалы, «Индустриальная Караганда» газеті сайтында – <http://inkaraganda.kz>, «Орталық Қазақстан» газетінде – <http://ortalyk-kaz.kz> онлайн арқылы газеттердегі біздің өңірдегі соңғы жаңалықтармен танысуға болады.



А. Сейдімбек

Өлкеміздің көрнекті жазушысы, әдебиеттанушы ғалым, этнограф, өнер зерттеушісі, публицист, кәсіби журналист **Ақселеу Сейдімбек** (1942–2009) Жаңаарқа ауданының Байдалы би ауылында туған. Филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың, «Құрмет» орденінің иегері. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қазақ тарихы мен шежіресін жазып, ұлттың рухани дамуына көп еңбек сіңірді. Қазақ халқының дәстүрлі өн өнерін насихаттауда Жәнібек Карменовпен өн өнері туралы сыр-сұхбаттар сериясы Қазақ телевизиясының алтын қорына енді. Ақселеу Сейдімбек – «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруда «Қазақ әдебиетінің тарихы» 10 томдық еңбегін жазған автордың бірі. Өлем әдебиетінен Гомердің «Илиада» мен «Одиссея» атты эпикалық поэмаларын қара сөзбен аударған. Әр жылдары жазушының «Ақиық», «Аққыз», «Қыр хикаялары», «Күзеуде», «Тауға біткен жалбыз» повестері мен әңгімелер жинағы жарық көрді. Туған өлкенің тыныс-тіршілігін, ұлттық құндылықты насихаттауға арналған шығармалары оқырманға ой салады.

Білген жөн

! Баспасөз жанрларын 3 топқа бөлуге болады. Әр жанрдың өзіне тән ерекшеліктері мен сипаты және бөріне ортақ белгілері бар.

1. **Ақпаратты** (хабар, есеп, сұхбат, репортаж) жанрлар күнделікті оқиғаларды жедел де шынайы түрде хабарлап, жаңалықтарды оқырмандарға жеткізіп отырады.

2. **Талдамалы** (мақала, рецензия, шолу, хат) жанрларға оқиғаларды салыстыра зерттеу, деректер мен мәліметтерді тарата талдап, солардың төңірегінде ой қорыту, бағалау жазбалары жатады.

3. **Көркем-публицистикалық** (суреттеме, очерк, эссе, баллада) жанрлары белгілі бір оқиғаларды, құбылыстарды нақты деректер мен мәліметтерге сүйене отырып баяндайды, деректерді талдау, суреттеу әдісімен жазады.

Очерк мақсаты – ақпаратты қызықты етіп және байытып беру, алған әсерімен бөлісу арқылы оқырманды қызықтыру. Очерк журналистің құрғақ фактілерді ой елегінен өткізіп, жанымен сезініп, оқырман жүрегіне жеткізуді талап етеді. Фактілер барынша көркемделіп, әдеби бағытта өрбиді және оларды баламалап беруге болады.